

№	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құрал-жабдықтар
1	“Тәрбие –тал бесіктен”	Отбасымен балабақша арасын ынтымақтастығын байланыстыра отырып, Баланың үлкендергерге деген құрметі,кішіге қамқорлығын арттыра білуге тәрбиелеу.Ашық мінез,әдепті сөйлеуді,достарын сыйлауға,өз ойларын ашық жеткізуге,еркін сөйлеуге дағдыландыру..	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
2	“Менің отбасым”	Балаларға отбасы мүшелеі туралы таппақ жатата отырып,тіл байлықтарын дамыту.Өз отбасы туралы жақсы ой-тілектерін достарымен бөлісуге үйрету.Мақал-мәтелдер жаттату.Отбасы мүшелерін құрметтеп,сыйлап қадірлеуге тәрбиелеу.	Отбасы мүшелерінің көрнекілік суреттері.
3	“Менің атам мен әжем”	Балаларға өз ата-әжелелрімен қатар нағашы ата-әжелері бар екендігін түсіндіру.Нағашы жұртының кім екенін үйрету.Мақал-мәтелдер жатату.Ата-әже туралы білетін таппақтарын айтқызу.Отбасының үлкендерін сыйлауға құрметтеуге оларды тыңдауға тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
4	“Менің бауырларым”	Отбасындағы тустық қарым қатнас туралы білімдерін жетілдіре түсу. Аға, іні, әпке,қарындас туралы түсініктерін кеңейту.Оларды сыйлап, құрметтеуге,татулыққа баулыи отырып, мақал –мәтелдер жаттатып сөздік қорларын молайту.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
5	“Күз-жомарт”	Балаларға күз мезгілінің жомарт деп неліктен айтатынына түсінік беру.Күз мезгілінің адамдарға беретін пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Үлкендердің күз мезгіліндегі бақша еңбектері туралы айту.Табиғатты сүюге,қорғауға тәрбиелеу.Күз мезгілі туралы жұмбақтар шешкізіп балалардың ой-өрісін дамыту.	Күз табиғатының суреттері.
6	“Арайлы,Алтын күз”	Балалардың күз мезгілі туралы білімдерімен түсініктерін кеңейту,ой-өрістерін,жан-жақты білімдерін,талғамдарын дамыту.Еңбекке табиғатты сүюге қорғауға,адамгершілікке тәрбиелеу.Күз мезгілі туралы таппақ,мақал-мәтелдерін	Күз табиғатының суреттері.

		жататып,жұмбақ шешкізу арқылы балалрдың сөздік қорларын молайту.	
7	“Жыл құстары”	Балаларды жыл құстырмен таныстыра отырып құстар туралы білімдерін кеңейтіу .Жыл құстары деп неліктен айтайтынын түсініру.Құстарға қамқор болуға,оларды күте білуге аялауға тәрбиелеу ,құстар туралы таппақ айтып сөздік қорларын молайтыу.	Жыл құстарының көрнекілік суреттері.
8	“Достық-татаулықтан басталады ”	Достық –ұғымды терең жеткізе отырып балалардан достары туралы сұрау.Достық сезімдерін қалыптастыру мақсатында бір-бірін сыйлауға,қадірлей білуге тәрбиелей отырып достық туралы мақал-мәтел жататып достарымен түлі ойындар ойнату арқылы ой өрістерін дамыту.	Көрнекіліктер, таппақ жаттату.
9	“Үйдегі қауіпсіздік ережесі.”	Балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпті жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету,қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту,сөздік қорларын дамыту,өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап сақтауға тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
10	“Су-тіршілік көзі”	Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін ,оның адамның,құстың,жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру.Судың табиғат берген баға жетпес сый екенін айту.Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау.Сумен ойнамауға,ластамауға тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер. Таппақ мақал-мәтелдер жататту.
11	“Бағдаршам” Өлең Ә.Табылдиев	Өлеңнің мағынасын түсініп,оны еске сақтауға үйрету.Балалардың таппақ жаттауға дағдыларын жаттықтыру.Зейін есте сақтау,түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту.Көшеде жүру ережесін білу арқылы,жолда жүру мәдениетін үйретіп,сақтыққа тәрбиелеу.	Бағдаршам,жол белгілерінің көрнекілік суреттері.
12	“Қамқорлық” Әңгіме	Шығарманы оқып беру арқылы қамқорлық туралы түсініктерін қалыптастыру,сурет арқылы әңгімелеуге үйрете отырып,Үлкендерді	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.

		құрметтеуге қоршаған ортаға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	
13	“ Менің тұңғыш Елбасым”	Балаларға тұңғыш президентіміздің өмір баянынмен таныстыру. Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу. Елбасымыздың туып - өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру. Рәміздермен таныстыру, президентіміздің ұстанымымен, өмір жолын үлгі етіп, балаларды Отанын, халқын, жерін сүюге, батылдыққа, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу..	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
14	“Қыс қызығы”	Балалармен қыс мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып суат бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру.Қыс мезгілінің табиғатын бала қиалымен ұштастыру арқылы байланыстырып ,сойлеу шеберліктерін арттыру.Қыс мезгіліне арналған білетін таппақтарын айтқыза отырып сөздік қорларын молайту..	Қысқы табиғат бейнесінің көрнекілік суреттері.
15	«Тәуелсіз елім - Қазақстан»	Баланың туған жері, елі туралы білімдерін кеңейту. Осы қиын, жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына деген құрметті дамыту. Болашақта ел азаматы атына лайықты болуға тәрбиелеу, еліне, жеріне, отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
16	“Жаңа жылым келді!”	Балалардың қыс мезгілі туралы айта отырып,жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру.Жаңа жыл қызықты ,отбасылық мерекесіне деген қызығушылықтарын арттыру..	Отбасындығы мерекелік көрнекілік суреттері
17	“Қыстап қалатын құстар”	Балаларға құстардың түрлерін соның ішінде қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың бойында қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін ояту. Қойылған сұраққа толық жауап алу.	Қыстап қалатын құстардың көрнекілік суреттері.
18	“Қар жамылған ағаштар”	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезіну. Ағаштардың бейнесін дұрыс бейнелеу, дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы,	Тақырыпқа байланысты көнекілік суреттер

		суретке қарап әртүрлі түстерді байқауға, олардың түсін ажырата білуін, алған әсерлерін сөзбен жеткізе білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. абиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге тәрбиелеу.	
19	“Нан — ел байлығы”	Ас-атасы – наның дастарғанға қандай еңбекпен келетіні туралы түсінік беріп, білімдерін жетілдіру. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалану арқылы балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, барға қанағат етуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	Көрнекіліктер
20	“Жабайы жануарлар”	Жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-біріне ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру. олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көнекілік суреттер
	“Үй жануарлары”	Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көнекілік суреттер
22	“Шаттықшақ”	Шаттық күндер екенін түсіндіріп, балалардың мерекелік көңілін көтеру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Кішіге қамқор болуға тәрбиелеу	Мерекелік суреттер
23	“Үш дос”	Балалардың достық құндылықтары туралы түсініктерін одан әрі	Көрнекіліктер

	Әңгіме	жетілдіру. Сыйластық туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу. Білімдерін кеңейте отырып, әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін көрсете білуге үйрету.	
24	“Мамандықтармен танысайық”	Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы жаңа сөздермен сөздік қорларын толықтыру. Әртүрлі мамандық түрлерімен таныстыру арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты көрнекілік суреттер.
25	“Көктем келді”	Педагогтің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға (қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді), сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету.. Жұмбақтардың мағынасын түсінуге, сурет арқылы шешулерін табуға үйрету, Табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Көктем көрінісі суреті
26	“Жыл мезгілі”.	Балаларға табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді қалыптастыру. Қазақ тілінде жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын бекіту. балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдинетін жетілдіру, қазақ тілінде түстерді ажыратып, есте сақтау қабілетін артыру. алаларды Табиғаты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	Жыл мезгілдері туралы суреттер.
27	“Ана - біздің гүліміз”.	Отбасындағы ананың рөлі туралы түсінік беру. Балалардың өздеріне аналары жайлы әңгімелету арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық туралы түсінік. Ананы қадірлеуге тәрбиелеу.	Көрнекіліктер
28	“Наурыз-күт әкелсін”	Балалардың сөздік қорын дамыту. Қазақтың салт-дәстүрін көрсету құрметтеуге мейірімді, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Балалардың өз еліне жеріне, туған халқына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, ата-бабамыз қолданған тұрмыстық бұйымдардан таныстырып, әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. ұлттың ойындарды қолдана	Наурыз мерамына байланысты көрнекілік суреттер.

		отырып халықтың тәрбиесіне бала бойына сіңіру бір-біріне деген белсенділіктерін арттыру, ептілікке батылдыққа, тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Балаларды өз еліне, жеріне туған халқына деген сүйіспеншілік сезімін ойатып, ата-бабалыры мыз қолданған тұрмыстық бұйымдармен таныстырып, әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	
29	“Жайлауда” Өлең Е.Асылбеков	Балаларды өлең жолдарымен таныстыра отырып, жайлау туралы түсініктерін кеңейту. Өлеңге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, өз ойын ашық айтуға тәрбиелеу.	Жайлау суреті
30	“Жасыл дәріхана”	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажеттігі мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	Көрнекіліктер
31	“Мен ғарышкер боламын”	Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.	тақырыпқа байланысты суреттер, ғарышкерлер суреттері
32	“Алтын бала” С.Тұралиев	Балаларды өзіне тапсырылған істі тиянақты орындалуға, отбасында, достарының ортасында жауапкершілікті болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	Көрнекіліктер.
33	“Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта”	Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.	тақырыпқа байланысты суреттер
34	“Ерлік көрсеткен	Балалардың «бейбітшілік» туралы түсініктерін бекіту. Патриоттық	Көрнекіліктер

	аталарымыз.” Қ. Жұмағалиев	сезімге, достыққа тәрбиелеу. Көз қырағылығын нығайту.Еліне жеріне деген сүйспеншіліктерін арттыру.	
35	“Туған өлкем.”	Туған өлке туралы әңгімелеу. Туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Сөздік қорларын молайтып,өз ойларын ашық айтуға тәрбиелеу.	Көрнекіліктер
36	“Қайтып келер, жаз”	Жаз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту.Жаз айларында айналада болатын өзгерістерді,табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету.	Жаз мезгілінің көрнекілік суреттері.

**№8 ересек тобыны «Тәрбие - тал бесіктен» вариативтік
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

2021-2022жж

Түсінік хат

«Тәрбие – тал бесіктен» мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Ересек жастағы балалардың сөздік қорын молайтуда әңгіме, өлең жаттау жұмбақ жасыру, мақал-мәтел айтуға балаларды еркін сөйлетудің орны ерекше. Өлең жаттау арқылы балалардың есте сақтау қабілеттері дамып, Әдеби әңгімелерді тыңдап, түсінгендерін айту арқылы ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғалуларын дамытады.

Балалардың тіл жаттығулары:

- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосады;
- қимыл арқылы өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алады;
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттығады;
- есте сақтау қабілеті артады;
- өлеңдерді жаттап, жан-жануарлардың дыбыстарын салу арқылы айтылуы қиын дыбыстарды анық айтып үйренеді;

Ересек жас балаларына ұсынылып отырған бағдарламада тіл жаттығуларының мақсаттарына сәйкес белсенділігін арттыруға өз үлесін қосатын үлгілері берілген.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игеру және оны қолдана білу іскерліктерін дамыту.

Міндеттері:

- Балалармен сөздік жұмысын жүргізу;
- Қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы түсініктерін дамыту;
- Белсенді тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Айналадағы заттардың қасиеті мен сапасын, түр-түсін, пішінін ажыратуға үйрету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту.

Мазмұны:

- Сөйлем
- Отбасы мүшелері
- Сөйлем құрылымы
- Сөз тіркестері
- Тіл ұстарту жаттығулары

Мерзімі: Ересек топта аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.